

«8D06201 – Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» оқу бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Досымбетова Гулбахар Базарбаевнаның «Заттар интернеті негізінде басқарылатын және бақыланатын концентрациялаушы фотоэлектрлік жүйелер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|----------|---|--|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | <p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p> | <p>Г.Б. Досымбетованың диссертациялық жұмысы мемлекеттік ғылымды дамытудың негізгі бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс 2018-2020 жылдарға арналған, жеке тіркеу нөмірі (ЖТН) АР05132464 «Сымсыз басқарудың интеллектуалды автономды жүйесін және көше жарықтандыру мониторингісін құру» ғылыми-зерттеу жұмысының (F3Ж) жоспарларына сәйкес орындалған.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытының бірі техникалық бағытқа сәйкес келеді.</p> |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаган. | Жұмыста көрсетілген ақпараттар фотоэлектрлік жүйелерді зерттеу саласына елеулі үлес қосады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер тәмен дәрежелі концентрацияланған фотоэлектрлік жүйелерді жобалау саласында құнды болып табылады. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) тәмен; 4) өзі жазбаған | Диссертация автордың өзіндік жұмысы болып табылады. Автор жұмыстың мақсаты мен міндеттерін және жұмыстың бөлімдерін анық және түсінікті түрде жазған. Издеші алынған нәтижелерге жақсы талдау жүргізген, жариялаган ғылыми мақалалар тізімі ізденушінің жазу кабілеттілігінің жоғары екендігін көрсетеді. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; | Досымбетова Г.Б. диссертациялық жұмысы тәмен концентрацияланған фотоэлектрлік жүйелердегі мәселелерге бағытталған. Күн энергетика саласында өзекті |

| | | | |
|----|----------------------------|--|--|
| | | <p>3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | <p>мәселелердің бірі болып табылатын төмен концентрацияланған фотоэлектрлік жүйelerde поликристалды фотоэлементтерді қолдана отырып, тиімділігін арттыру мәселесі қарастырылған.</p> <p>Диссертация мазмұны тақырыпты толықтай айқындайды және зеттеу мақсаттары мен міндеттерін толық қамтиды.</p> <p>Жұмыста көрсетілген мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбымен толықтай сәйкес. Көрсетілген әдістер қойылған міндеттерді толықтай айқындайды.</p> <p>Диссертация қысқартылған сөздер, шартты белгілер, кіріспе, 3 бөлімнен, қорытынды, 3 қосымша және қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Автор диссертациялық жұмысты жазу барысында құрылымын логикалық түрде байланыстырган.</p> <p>Жұмыс барысында тұжырымдамалар толық дәлелденген және ғылыми негізделген. Зерттеуші жаңа шешімдерді нәтижелермен дәлелдей отырып, басқада ақпараттармен салыстырыған. Жұмыста толық сыни талдау жасалынған. Қарастырылған төмен концентрацияланған фотоэлектрлік жүйе концентрациясыз фотоэлектрлік жүйелермен салыстырылып, қысқа тұйықталу тогы 1,5-2 есе көп болатыны тәжірбе жүзінде дәлелденген.</p> |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | <p>Жұмыс нәтижелері мен тұжырымдамалары жаңа болып табылады. Жұмыс барысында алғаш:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Поликристалды кремнийді төмен концентрациялаушы жүйеде қолдана отырып оның шығыс тогының өсетіні айқындалды; 2) Зерттеу барысында Френель линзасы негізінде жасалынған төмен концентрацияланған фотоэлементтің күні бойына алынған шығыс энергиясы концентрациясыз фотоэлементке қарағанда 51% арттыны анықталды; 3) Нейрондық желі негізінде жасалынған салқыннату жүйесі шекті алгоритм негізінде жасалған салқыннату |

| | | | |
|----|--|---|--|
| | | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | <p>жүйесімен салыстырғанда электр энергиясын аз тұтынатыны дәлелденген.</p> <p>Диссертацияның нәтижесі толықтай жұмыс мақсаты мен міндеттеріне сай және жаңа болып табылады.</p> |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Досымбетова Г.Б. диссертациялық жұмысында көрсетілген қорытындылар ғылыми тұрғыдан дәлелденген және академиялық тілмен баяндалған. Нәтижелер IEEE Access, Energies халықаралық журналдарда жарияланған. |
| 7. | Коргауға шығарылған негізгі қағидаттар | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) <u>жоқ</u> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иля</u>; 2) жоқ <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иля</u>; 2) жоқ | <p>1. Төмен дәрежеде концентрациялаушы Френель линзасы бар поликристалды кремнилі фотоэлементінің қысқа тұйықталу тогы линзасыз фотоэлементтің қысқа тұйықталу тогымен салыстырғандағы мәні 1,5-2,2 есе артады (7.1 дәлелденді, 7.2 жоқ, 7.3 тұжырымдама жаңа, 7.4 қолданылу деңгейі кен, 7.5 мақалада дәлелденген);</p> <p>2. Френель линзасын қолданып, геометриялық концентрациялау дәрежесі $Cg=8$ болған поликристалды кремнилі фотоэлементтің күні бойына өндірілетін энергиясы линзасыз фотоэлемент өндіретін энергиямен салыстырғанда 51%-ға артады (7.1 дәлелденді, 7.2 жоқ, 7.3 тұжырымдама жаңа, 7.4 қолданылу деңгейі кен, 7.5 мақалада дәлелденген);</p> <p>3. Заттар интернеті және нейрондық желілер көмегімен болжаку негізінде жасалған шешім қабылдау жүйесімен анықталған салықындуату жүйесінің оңтайлы жұмыс режимі, температураның шекті деңгейіне негізделген алгоритмнің жұмысымен салыстырғанда салықындуату жүйесінің энергия тұтынуын 62% - да төмендетеді (7.1 дәлелденді, 7.2 жоқ, 7.3 тұжырымдама жаңа, 7.4 қолданылу деңгейі кен, 7.5 мақалада дәлелденген).</p> |

| | | | |
|----|---|--|--|
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | <p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>иia;</u> 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иia;</u> 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иia;</u> 2) жоқ</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз</p> | <p>Таңдалған әдістер ғылыми негізделген және егжей-тегжейлі сипатталған.</p> <p>Жұмыс барысында нәтижелерді модельдеу заманауи компьютерлік бағдарламаларды пайдалану арқылы жасалынған. Атап айқанда LabView арқылы бақылау жүйесі және Python бағдарламалау тілі көмегімен нейрондық желі алгоритмі жасалынған.</p> <p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында алынған модельдер, теориялық қорытындылар және негізгі заңдылықтар тәжірибелік зерттеулер нәтижесінде дәлелденген, алынған нәтижелер бір-біріне қарама қайшылық тудырмайды.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың басты тұжырымдамалары ғылыми әдебиеттерде расталған.</p> <p>Досымбетова Г.Б. диссертациялық жұмысында 125 халықаралық жариялымдар пайдаланылған. Пайдаланған әдебиеттер тізімі тақырып мақсатына сәйкес, жеткілікті тұрғыда жасалған.</p> |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>иia;</u> 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иia;</u> 2) жоқ</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> | <p>Диссертацияның жеткілікті тұрде теориялық маңызы бар. Онда баламалы энергетика саласында төмен концентрацияланған фотоэлектрлік жүйелерді зерттеу мақсатында тәжірибелік нәтижелер алынып теориялық негізі келтірілген.</p> <p>Алынған нәтижелер төмен концентрацияланған фотоэлектрлік жүйелерде, поликристалды кремний фотоэлементтеріне қолданысқа енгізуге мүмкіндігі жоғары.</p> <p>Диссертациялық жұмыс барысында қолданылған әдістер мен алгоритмдер жаңа болып табылады және осыған дейін жасалмаған.</p> |

| | | | |
|-----|---------------------------|--|---|
| | | 3) жана емес (25% кем жана болып табылады) | |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | <p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p> | <p>Диссертациялық жұмыстың жазылуы түсінікті, ғылыми тілмен жазылған, жазылу сапасы жоғары. Келтірілген қорытынды толығымен аяқталған болып табылады және ғылыми расталған.</p> |

Досымбетова Гулбахар Базарбаевнаның «Заттар интернеті негізінде басқарылатын және бақыланатын концентрациялаушы фотоэлектрлік жүйелер» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық көлемде орындалған және ғылыми жаңалығы бар. Диссертациялық жұмыс философия докторы (PhD) талаптарына толық жауап береді, сондықтан Досымбетова Гулбахар Базарбаевнаны «8D06201 – Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» оқу бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынамын.

Ресми рецензент:

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Электроника, телекоммуникациялар және гарыштық технологиялар кафедрасы
PhD, профессор



Смайлов Н.К.